

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТІ
№1 МӘЖІЛІС ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

18.10.2024 жыл

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар:

АК төрағасы: Ильясова Г.Т.

АК мүшесі, Академиялық персоналдар: декан: Нускабаева Г.О., оқу ісі жөніндегі декан орынбасары: Татыкаева У.Б., ғылым және тәрбие жөніндегі декан орынбасары: Ырысбай С.Ә., кафедра меңгерушілері: Алимбекова Л.Т., Жунусов М.С., Садыкова К.Ж., Саржанов Ф.Н., Омарова Б.Ә., Тулешова Э.Ж., Айболова Г.Қ., Нұрдинов Н.С., атқарушы хатшы: Джаякбаева Д.С., хатшы: Алдабергенова Ш.А.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: КДО бас дәрігері Генчер З.М., «Ырыс Дент» клиникасының директоры Шотаев С.Б., «Turan dent» тіс емханасының бас дәрігері Сиздинов М.М.

АК мүшелері, білімгерлер өкілдері: 8D10111 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» БББ докторанты Шайхаттарова У., 7M10131 - «Медицина» БББ магистранты Султанбаева Ю., 6B10156 – «Стоматология» БББ студенті Әбдіхат Ә., 6B10176 – «Медицина» БББ студенті Исаева Д.

Қатыспағандар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет құрамын бекіту туралы бұйрықпен және академиялық комитет ережелерімен танысу.
2. Академиялық комитет жұмысын ұйымдастыру, 2024-2025 оқу жылына жұмыс және мәжіліс жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну.
3. ББ даму жоспарын жасау (2024-2029жж.).
4. ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспарын жасау.

1. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша Академиялық комитет құрамын бекіту туралы бұйрықпен танысу. Жауаптылар: АК төрағасы Ильясова Г.Т., АК мүшелері.

АК төрағасы:

Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша Академиялық комитетінің төрағасы Ильясова Г.Т. АК мүшелерін 2024-2025 оқу жылында аталған бағыт бойынша Академиялық комитеттің құрамын бекіту туралы бұйрық туралы ақпаратпен бөліскім келеді. Біз медициналық білім беру саласындағы мамандарды қамтитын комитеттің теңгерімді және құзыретті құрамын қалыптастыру үшін бар күшімізді салдық.

Комитеттің әрбір мүшесі оның тәжірибесін, сараптамасын және медициналық оқытуды дамытуға қосқан бұрынғы үлесін ескере отырып іріктелді. Ұсынылған құрам

комитеттің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететініне және осы саладағы мамандарды даярлаудың жоғары деңгейіне ықпал ететініне сенімдімін.

Комитет мүшелерінің мақұлдауы:

м.ғ.к., доцент Нускабаева Г.О.: ұсынылған комитет құрамын толық қолдаймын. Мен оның тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті әртүрлілік пен сараптаманы көрсететінін сенемін.

м.ғ.к., Алимбекова Л.Т.: медициналық білім берудегі мәселелердің өзектілігін ескере отырып, мен өзімнің мақұлдауымды білдіремін. Комитет құрамы теңдестірілген және құзыретті болып көрінеді.

м.ғ.к., доцент Жунусов М.С.: ұсынылған құрам мені қанағаттандырады. Мен бұл мамандардың Академиялық Комитеттің алдында тұрған негізгі міндеттерді шеше алатынына сенімдімін.

PhD Садыкова К.Ж.: мен ұсынылған құрамды Қолдаймын. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша сәтті басқару үшін қажетті тәжірибе мен білімнің әртүрлілігін көрсетеді.

PhD Омарова Б.Ә.: комитет мүшелерін мұқият іріктеу жүргізілгенін көрудемін. Ұсынылған құрамды толық мақұл деп санаймын.

АК төрағасы: Ильясова Г.Т.

Егер ескертулер немесе ұсыныстарыңыз болса, біз оны тыңдауға дайынбыз.

Академиялық комитет мүшелері бұйрықпен танысты және бір ауыздан қабылдап, алдағы уақытта атқарылатын іс-шаралар мен ұйымдастыру жұмыстарын талқылауға өтті.

Академиялық комитет ережелерімен танысу. Жауаптылар: АК төрағасы Ильясова Г.Т., АК мүшелері.

АК төрағасы Ильясова Г.Т. Академиялық комитеттің жұмыстарын ұйымдастыратын негізгі құжаттармен танысуды және талқылауды ұсынды:

1. Университет басшылығының 31.08.2022 ж. бекітілген УЕ-ХКТУ-113-2022 «Академиялық комитет ережесі» келесі нормативтік сілтемелер негізінде әзірленген:

-«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған (толықтырулармен өзгертулерімен);

-«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулармен өзгертулерімен);

-«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген;

-Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 бұйрығы;

-Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

-Университеттің Академиялық Саясаты.

АК–кадрларды даярлау бағытындағы барлық деңгейде жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеп, Реестрде тіркелуін және қолданыстағы ББ ішкі және сыртқы сараптаулар нәтижесінде аккредиттеуді және жаңартуды қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыратын алқалық ұйымы болып табылады.

АК–университетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Ережеде АК қызметінің негізгі бағыттары және міндеттері, АК құрамын бекіту және жұмыс тәртібі, АК құқықтары, жауапкершілік және өкілеттілік пункттері талқыланды.

2. АК жұмыстары негізделетін келесі құжат «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесі». АК-тің мүшелері 23.12.2021 ж. бекітілген ереженің мазмұнын талқылады және танысты.

3. Құрметті комитет мүшелері, Сондай-ақ сіздердің назарларыңызға академиялық комитеттің тиімді жұмысының негізі болып табылатын ережелер мен мәліметтерді ұсындық. Бұл ережелер ашықтықты, әділеттілікті және сындарлы өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету мақсатында жасалған.

Этиканы сақтау: комитет ішіндегі барлық іс-шаралар мен талқылаулар шеңберінде этика мен кәсіпқойлықтың жоғары стандарттарын сақтау маңызды.

Шешімдердің ашықтығы: Комитет қабылдаған шешімдер барынша ашық болуы тиіс. Бұл шешім қабылдау процесін құжаттауды және барлық мүдделі тараптар үшін ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуді қамтиды.

Белсенді қатысу: Комитеттің әрбір мүшесінің талқылауға және шешім қабылдауға белсенді қатысуы күтіледі. Бұл мәселелерді толық түсінуге ықпал етеді және әртүрлі пікірлердің байлығын қамтамасыз етеді.

Мерзімдерді сақтау: Отырыстарды тиімді өткізу және қойылған міндеттерді орындау үшін белгіленген мерзімдерді сақтау маңызды.

Комитет мүшелерінің пікірлері мен ұсыныстары:

м.ғ.к., доцент Жунусов М.С.: Ашықтық принципімен келісемін. Сондай-ақ қатысушыларға Комитет қызметі туралы ай сайынғы есептерді енгізуді ұсынамын.

м.ғ.к., Алимбекова Л.Т.: Белсенді қатысуды қолдаймын, сонымен қатар отырыстар кезінде пікір білдіруде қиындықтарға тап болуы мүмкін Комитет мүшелері үшін кері байланыс тетіктерін енгізуді ұсынамын.

«Денсаулық сақтау даярлау» бағыты бойынша

	Аты-жөні	Қызметі атағы дәрежесі	Телефон	Ескерту
1	Ильясова Гулнара Темирбековна	Ішкі аурулар кафедрасының магистр-аға оқытушы	87012345284	АК төрағасы
2	Нускабаева Гульназ Оразбековна	декан	87052583131	АК мүшесі, академиялық персонал
3	Алимбекова Ляйла Тасовна	Ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі	87029649944	
4	Жунусов Мурат Сагиналиевич	Хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі	87028188775	
5	Садыкова Карлыгаш Жарылкасыновна	Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі	87077316476	
6	Саржанов Фахриддин Нурмахамедович	Фундаментальды ғылымдар кафедрасының меңгерушісі	87056818787	
7	Омарова Балнұр Әділбекқызы	Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер кафедрасының меңгерушісі	87759966548	
8	Джаякбаева Динара Сырлыбаевна	Факультеттің атқарушы хатшысы (әдіскер)	87014749316	
9	Татыкаева Угилжан Бурхановна	Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары	87026141701	
10	Ырысбай Сымбат Әубәкірқызы	Ғылым және тәрбие жөніндегі декан орынбасары	87025375460	
11	Тулешова Эльмира Жанбырбаевна	Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасының меңгерушісі	87781765176	
12	Айболова Гүлнар	Фундаментальды медициналық	87473156432	

	Құрбантаевна	ғылымдар кафедрасының меңгерушісі		
13	Нұрдинов Нұрсултан Сейсенбайұлы	Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасының меңгерушісі	87053787891	
14	Зия Мехмет Генчер	ҚДО бас дәрігері	87027218734	АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі.
15	Шотаев Сабит Ырысымбекович	«Ырыс дент» клиникасы директоры	87026239797	
16	Сиздиқов	«Turan dent»тіс емханасының бас дәрігері	87011626511	
17	Шайхаттарова Ұлбала	8D10111 Қоғамдық денсаулық сақтау ББ докторанты	87075858783	АК мүшесі, жұмыс білімгерлер өкілі.
18	Султанбаева Юлдуз	7M10131 Медицина ББ магистранты	87784037395	
19	Әбдіхат Әсел	6B10156 Стоматология ББ студенті	87021067525	
20	Исаева Дильназ	6B10176 Медицина Жалпы медицина ББ студенті	87751187184	

1.ШЕШІМ: «Денсаулық сақтау даярлау» бағыты бойынша Академиялық комитет құрамын бекіту туралы бұйрығы, ережелері назарға алынсын және танысу парағына қол қойылсын.

2. Академиялық комитет жұмысын ұйымдастыру, 2024-2025 оқу жылына жұмыс және мәжілісі жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну. Жауаптылар: АК төрағасы, Ильясова Г.Т., АК мүшелері.

Құрметті комитет мүшелері, Сіздерге 2024-2025 оқу жылына арналған «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша Академиялық комитеттің жұмыс жоспары ұсынылады. Бұл жоспар біздің стратегиялық мақсаттарымызды, білім берудегі өзекті тенденцияларды және студенттер мен оқытушылардың қажеттіліктерін ескере отырып жасалғанын айтып, АК-тің жұмысы мен мәжіліс жоспарын талқылауды ұсынды:

№	Орындалатын жұмыстар	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындау нәтижесі
1	1 Академиялық комитет құрамын бекіту туралы бұйрықпен және академиялық комитет ережелерімен танысу	Қыркүйек-қазан 2024 ж.	АК төрағасы, мүшелері	Хаттама
	2 Академиялық комитет жұмысын ұйымдастыру, 2024-2025 оқу жылына жұмыс және мәжіліс жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну			
	3 ББ даму жоспарын жасау (2024-2029жж.)			

	4	ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспарын жасау			
2	1	ББ аудиттері және шешімдерді қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, қос дипломды ББ әзірлеу)	Қараша-желтоқсан 2024 ж.	Комиссия мүшелері	Аудит нәтижелері
	2	Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру			
3	1	Қолданыстағы жаңартылған ББ реестрге енгізу	Қаңтар-наурыз 2025 ж.	Комиссия мүшелері	Мәжіліс хаттамасы Аудит нәтижелері
	2	Аккредитация есептерін даярлау			
4	1	Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін және есеп дайындау	Сәуір-маусым 2025 ж.	Комиссия мүшелері	Аудит нәтижелері Есеп

PhD Саржанов Ф.Н.: мен жұмыс жоспарын қолдаймын. Әсіресе білім беру бағдарламаларын жаңартудың маңыздылығына назар аударғым келеді.

х.ғ.к. Тулешова Э.Ж.: жұмыс жоспарына клиникалық базалар және жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды нығайту жөніндегі іс-шараларды қосуды ұсынамын.

м.ғ.к. Татыкаева У.Б.: тағылымдамадан өтуге және практикалық сабақтарға көбірек көңіл бөле аламыз ба? Бұл, әрине, білім алушылардың дайындығын жақсартады.

техн.ғ.к. Айболова Г.Қ.: мен ғылыми зерттеулерді дамыту идеясын қолдаймын, сонымен қатар білім алушылардың ғылыми топтарын қолдауға назар аударуды ұсынамын.

Академиялық комитеттің жұмыс және мәжіліс жоспары талқыланып, бір ауыздан бекітуге ұсыныс жасалды.

2.ШЕШІМ: Академиялық комитетінің 2024-2025 оқу жылына жұмыс және мәжілісі жоспарын бекітуге ұсынылсын.

3. ББ даму жоспарын жасау (2024-2029жж.). Жауаптылар: АК төрағасы Ильясова Г.Т., АК мүшелері.

Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша Академиялық комитетінің төрағасы Ильясова Г.Т. АК мүшелерін ББ даму жоспарын жасау (2024-2029жж.) туралы ақпаратпен бөліскім келеді. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының мазмұны айқындалған, бағыттары мен мақсаттары көрсетілген және даму бағдарламасы бекітілген.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

1.ТҰРАҚТЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДАМУ

Мақсат 1.1. АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету

Міндет 1.1.1. Корпоративтік басқаруды дамыту

Міндет 1.1.2. Сандық «экожүйені» және цифрлық «Smart-университет» моделін құру

Міндет 1.1.3. Адам ресурстары мен дарындыларды басқарудың институционалдық саясатын әзірлеу.

Міндет 1.1.4. Қазіргі заманғы инфрақұрылымды дамыту

Міндет 1.1.5. Прогрессивті институционалдық даму үшін қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету

Мақсат 1.2. АЯУ имиджін және беделін нығайту

Міндет 1.2.1. Әлемдегі жетекші отандық рейтингілер мен университеттердің рейтингілеріндегі позицияларды жақсарту

Міндет 1.2.2. Білім, ғылым және денсаулық сақтау саласындағы жетекші отандық және шетелдік ұйымдармен жаһандық серіктестікті қамтамасыз ету

Міндет 1.2.3. Өңірдің, елдің және түркі әлемі елдері қоғамының дамуына ықпалын күшейту

2. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮСТЕМДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Мақсат 2.1. Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлау үшін білім беру экожүйесін көру

Міндет 2.1.1. Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру.

Міндет 2.1.2. Білім беру бағдарламаларын тәжірибеге бағытталған талаптарды, отандық және әлемдік стандарттар талаптарын, аймақтық қажеттіліктерді және бейресми оқытуды ескере отырып, жаңарту.

Міндет 2.1.3. Қазіргі заманғы жоғары білім беру талаптарына сәйкес келетін сапалы оқу және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету

Мақсат 2.2. Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)

Міндет 2.2.1. Білім алушылардың интеграцияланған әлеуметтік GPA енгізу

Міндет 2.2.2. Білім алушылардың бастамаларын дамыту

Міндет 2.2.3. Білім алушының денсаулығын сақтау

Мақсат 2.3. Жоғары білімге дейінгі білім беруді дамыту

Міндет 2.3.1. Университет колледжін дамыту

Міндет 2.3.2. Дайындық орталығын дамыту

3. ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ

Мақсат 3.1. Зерттеу экожүйесін дамыту

Міндет 3.1.1. Ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру

Міндет 3.1.2. Білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттыру

Міндет 3.1.3. Университеттің ғылыми басылымдарын дамыту

Мақсат 3.2. Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру.

Міндет 3.2.1. Соңғы өнімі бар ғылыми зерттеулердің әлеуетін арттыру (практикалық қолдану/коммерцияландыру).

Міндет 3.2.2. Ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі мен жарияланымдарының сапасын арттыру

Міндет 3.2.3. Ғалымдардың инновациялық белсенділігін арттыру

Мақсат 3.3. Ахмет Ясауи университетінің ғылыми-зерттеу институттарын дамыту

Міндет 3.3.1. Ғылыми-зерттеу институттарында қолданбалы ғылымды жетілдіру

4. КЛИНИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫ ДАМУ

Мақсат 4.1. Түркістан облысының тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсету

Міндет 4.1.1. Стационарлық көмекті жақсарту.

Міндет 4.1.2. Амбулаториялық көмекті жақсарту

Мақсат 4.2. Жоғары медициналық білім мен медицина ғылымының дамуы

Міндет 4.2.1. Клиникалық тәлімгерлік институтының дамуы

Міндет 4.2.2. Ғылыми және клиникалық қызметтің дамуы

Сонымен қатар даму жоспарында білім беру бағдарламаларына қатысты басым бағыттар нақты көрсетілген.

1) Алдыңғы қатарлы стандарттарды енгізу және білім беру сапасын арттыру үшін Түркия мен әлемнің жетекші университеттерінің қатарынан серіктестер анықтау. Білім беру бағдарламаларының түрлі бағыттары бойынша Түркияның жетекші жоғары оқу орындарының оқулықтарын аудару.

Бірыңғай желілік жалпы түркілік білім беру және ғылыми кеңістік құру жөніндегі идеяны Түркі Кеңесі деңгейіне жеткізу және университетті осы идеяны іске асыруда көшбасшы позициясында орнықтыру.

Жаһандық білім беру бағдарламаларын бірыңғай ақпараттық жүйе мен деректер базасы арқылы дамыту, бұл қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен, оның ішінде QS рейтингінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен екі дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жалғастырылатын болады.

Стратегиялық әріптес университеттермен бірлесіп кадрлар даярлаудың басым бағыттары бойынша қос дипломды, бірлескен білім беру бағдарламаларын енгізу.

2) Жаңа білім беру бағдарламаларын, атап айтқанда, пәнаралық, инновациялық, сондай-ақ әңірде сұранысқа ие техникалық бағыттар бойынша (ауыл шаруашылығы, құрылыс, сәулет, ветеринария және т.б.) әзірлеу және ашу.

3) Білім беру технологияларының трансфері (оқыту әдістемесі, Академиялық жетістіктерді бағалау, академиялық саясат және т.б., шетелдік тәжірибені ескере отырып, білім беру бағдарламаларын өзектендіру, ОҒҚ тәжірибесімен алмасу, ғылыми-зерттеу қызметі) қамтамасыз етіледі.

4) Білім беру бағдарламаларын ұдайы жаңарту мақсатында еңбек нарығын форсайт-зерттеу және жаңа кәсіптерге қажеттілікті болжау жалғастырылатын болады. Университет өңірлік кәсіп карталарын әзірлеуге қатысады.

5) Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және ЖОО түлегінің моделін жетілдіру негізгі құзыреттер мен еңбек нарығының жаңа сын-қатерлерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

6) Білім беру процесіне ECTS қағидаттарын одан әрі енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

7) Өңірдің кәсіпорындарымен ынтымақтастық жоғары оқу орнының кадрлар даярлаудың барлық бағыттары бойынша ұдайы кеңейтілетін болады. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бизнес өкілдері мен жұмыс берушілерді тарту, сондай-ақ білім беру процесін ғылыми қызметпен интеграциялау жалғастырылатын болады.

8) Кәсіптік стандарттар негізінде инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру және кәсіптік стандарттар мен кәсіптердің өңірлік карталарын ескере отырып, барлық білім беру бағдарламаларын өзектендіру жалғастырылатын болады.

3.ШЕШІМ: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасының бағыттары мен мақсаттары негізге алынып, Медицина факультетінің 2024-2026 жылдарға арналған даму стратегиясы жасалу барысында басты назарға алынсын.

4. ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспарын жасау.


Бұл мәселе бойынша АК төрағасы Г.Т.Ильясова сөз алды. Биылғы оқу жылында 6В10156-Стоматология ББ бойынша аккредиттеу мерзімі аяқталуына байланысты 2024-2025 оқу жылында аккредиттелуге 1 ББ ұсынылады. ББ бағдарламалық аккредиттеу процестерін ұйымдастыру, өткізу жұмыстары жоспарлануда. Ал басқа ББ бойынша

аккредиттеу мерзімі аяқталмауына байланысты бағдарламалық аккредиттеу процестері толық мерзімі аяқталғанға дейін ұзартылады.

4.ШЕШІМ: 2024-2025 оқу жылында аккредиттелуі қажет ББ бойынша ұсыныстар дайындалсын.

Академиялық комитет төрағасы

Хатшы:



Ильясова Г.Т.

Алдабергенова Ш.А.